

»» DIGEST



SDU
1996
LIBRARY

ISSUE №9

ЖЕЛТОҚСАН 2024

ІС-ШАРАЛАР

ЖАҢА КІТАПТАР


ОҚЫТУ ЖӘНЕ
СЕМИНАРЛАР

SDU РЕПОЗИТОРИЙ



WELCOME PARTY

3 қазан күні SDU Ғылыми Кітапханасы және Book Club бірлесіп клубтың жаңа мүшелеріне арналған **Welcome party** кездесуін өткізді. SDU Fest-тегі іріктеуден өткен Book Club-жаңа қатысушыларына арналған қарсы алу іс-шарасы “Шай кеші” форматында өтті. Іс-шара барысында қатысушылар клубтың қызметімен танысып, оның ерекше атмосферасын сезінді. Кездесу кезінде студенттердің оқырмандық деңгейін сынайтын түрлі конкурстар мен ойындар ұйымдастырылды. Жалпы, бұл іс-шараға 50-ге жуық студент қатысты.



КІТАП АЛМАСУ


SDU ғылыми кітапханасы мен Book Club 2024 жылы студенттер мен университет қызметкерлері арасында кітап оқуды насихаттауға арналған екі ірі іс-шара ұйымдастырды. 14-18 қазан және 2-6 желтоқсан аралығында өткен **Bookcrossing** және **New Year Bookcrossing** шараларында 500-ге жуық кітап жиналып, оқырмандар арасында алмастырылды. Қатысушылар оқыған кітаптарын жаңаларына ауыстырып, ойындар, қойылымдар мен сыйлықтар ұтысымен толықтырылған қызықты бағдарламадан қатысты.

КІТАП ТАЛҚЫЛАУ



9 қазанда Book Club-тың кезекті кездесуінде Агата Кристидің «**Олар он еді**» атты шығармасы мен М. Дулатовтың «**Бақытсыз Жамал**» атты қазақ әдебиетінің классикалық шығармасы талқыланды. Қатысушылар Агата Кристи романының кейіпкерлері мен күтпеген сюжеттік бетбұрыстары туралы өз пікірлерін белсенді түрде ортаға салды. Сондай-ақ Міржақып Дулатовтың шығармашылығындағы әйелдердің қоғамдағы рөлі, өмірлік мақсаты, махаббаты және басқа да тақырыптарды талқылады.

Шағын форматтағы кездесу әр адамның өз ойын білдіруіне мүмкіндік беріп, талқылауды әсерлі әрі қызықты етті. Book Club әдебиет сүйер қауымға жылы атмосфера сыйлау дәстүрін жалғастыруда.



LIBRARY NIGHT: GUESS QUEST

Library Night: Guess Quest бірегей тапсырмалармен 8 станцияны өткен 4 қатысушыдан тұратын 8 команданы біріктірді. Командалар квест тапсырмаларын шешуде жетекшінің нұсқауларын орындай отырып, мәреге тез жетті. Жеңімпаз команда естелік сыйлықтарға ие болды, ал барлық қатысушылар ұжымдық жұмыс, креативті де көңілді кешті тамашалады.



READATHON

11-22 қараша аралығында SDU Университетінде кітап оқуға құмар 40 студенттің басын қосқан **READATHON** кітап марафоны өтті. Қатысушылар оқуға белсене кірісіп, алған әсерлерімен алмасып, оқыған кітаптарына шолулар жазды. Шара нәтижесінде ең белсенді 10 қатысушы іріктеліп, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Марафон студенттердің әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, жүйелі түрде кітап оқуға ынталандыруға септігін тигізеді.

ЖАҢА КІТАПТАР


SDU Ғылыми Кітапханасының қоры ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі жаңа кітаптармен толықты. Кітап қорына барлығы **358 дана кітап** қосылды, оның ішінде заманауи оқулықтар, ғылыми еңбектер, көркем әдебиет және кәсіби дамуға арналған басылымдар бар.

Кітаптардың толық тізімін кітапхана сайтындағы “**Жаңа түскен кітаптар**” бөлімінен таба аласыз



СЫЙҒА БЕРІЛГЕН КІТАПТАР


SDU Ғылыми Кітапхана қоры сыйға тартылған **243** кітаппен толықтырылғанын қуана хабарлаймыз! Жомарт үлес қосқаны үшін кәріс тілі оқытушысы **Джехо Сонг** пен **Galaxy School** мектебіне ерекше алғыс білдіреміз. Жинаққа сонымен қатар ғылыми басылымдар, оқулықтар және көркем әдебиет кіреді. Қордың дамуына үлес қосқан баршаңызға алғыс айтамыз!



ОҚЫТУ ЖӘНЕ СЕМИНАРЛАР

ҚОНАҚ ДӘРІСІ

2024 жылдың 26 қыркүйегінде EBSCOhost жетекші маманы Ирина Сержан «SDU-да ғылыми ақпаратты іздеу: EBSCO Discovery Service артықшылықтары және жаңа EBSCO Search Ultimate топтамасына шолу» тақырыбында вебинар өткізді. Вебинар көпсалалы дерекқорларда ғылыми ақпаратты іздеу, EBSCO электронды ресурстарына шолу және ғылыми мақалаларды жазу үшін пайдалы EBSCOhost құралдары сияқты тақырыптарды қамтыды.




ТЕСТІЛІК ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК

SDU ғылыми кітапханасы пайдаланушыларға жетекші электронды ресурстарға **тестілік қолжетімділік** ұсынды: 16 қыркүйек пен 16 қараша аралығында – **EBSCO Academic Search Ultimate** журналдарына, 4 қараша мен 4 желтоқсан аралығында – **IPR Smart** және **E-Uni** платформаларына, сондай-ақ 2024 жылғы 17 қазаннан 2025 жылғы 17 қаңтарға дейін – **HeinOnline** құқықтық зерттеулер дерекқорына.



ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕПОЗИТОРИЙ

SDU Ғылыми Кітапханасының мамандары магистранттар мен докторанттарға **институционалдық репозиторийдің** жұмысы туралы презентация жасады. Қатысушылар ғылыми жұмыстарды жүктеу процесі туралы, сондай-ақ репозиторий олардың зерттеулерінің академиялық танылуына қалай ықпал ететіні туралы ақпарат алды.



ЖАҢА ДИССЕРТАЦИЯЛАР

Репозиторий сайтында соңғы жылдары қорғалған **14 докторлық** және **140 кандидаттық диссертациялар** жүктелген. Бұл студенттерге, мұғалімдерге және зерттеушілерге пайдалы ағымдағы зерттеулерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде SDU университетінің репозиторийінде оқытушылар мен студенттердің **1400-ден астам** ғылыми жұмыстары қолжетімді.

РЕПОЗИТОРИЙ ЕРЕЖЕЛЕРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Магистрлік және докторлық диссертацияларды репозиторийге жүктеу енді барлығына міндетті және диплом алудың міндетті шартының бірі болып табылады.

Біз SDU репозиторийін ғылыми зерттеулердің нәтижелерін сақтау мен таратудың сенімді құралына айналдыруға тырысамыз және оның функционалдығын дамытуды жалғастырамыз!